

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ**

**«Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру» факультетінің  
2022-2023 оқу жылындағы Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі  
комиссиясының №6 мәжілісінің хаттамасы**

**Шымкент қаласы  
Бас ғимарат 205 аудитория**

**24.02.2023 ж  
сағ 15-00**

**Қатысқандар:** Комиссия төрағасы:

1. Э. Алиева – магистр-аға оқытушы

**Комиссия мүшелері:**

2. П. Калменова - м.ғ.к., доцент
3. Б. Сахова - магистр аға оқытушы
4. Т. Орманов - б.ғ.к., аға оқытушы
5. А. Дауреханов - м.ғ.д., доцент
6. А. Оспанова - м.ғ.к, аға оқытушы
7. Ж. Атжан - оқытушы
8. Т. Джавланов - оқытушы
9. Н. Шапамбаева - м.ғ.к., доцент
10. С. Жаханова - аға оқытушы
11. Г. Калдыгозова - м.ғ.к, аға оқытушы
12. Б.Остемиров - 5B130100 - Жалпы 7 курс интерні
13. А. Алихан – R014 Радиология 1 курс резиденті
14. М. Шалтаева – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар:**

15. С.А.Туктибаева – PhD, факультет деканы
16. А.Т. Туғанбаева – Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінің төрайымы

**Қатыспағандар:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, АҮУ PORTAL, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау.

3. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттыңда орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.
4. Әр түрлі мәселелер
  - 4.1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалау бойынша факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Э. Алиева сөз алды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 42 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 наурызда № 32112 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032112>

Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйым клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21848 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021848>

Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 21802 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023785>

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы. «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы»;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы." Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы"

Аталған бұйрықпен қатар институттың оқу ісіне қатысты барлық ішкі бұйрықтары факультет кеңесінде және кафедра мәжілістерінде талқыланған.

### **Шешім:**

1. ҚР БҒМ бұйрығының үнемі орындалуын мониторинг жасау АКК-не жүктелсін.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе ФСҚЕЖК төрағасы Э. Алиева: Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, AYUPortal, т.б.) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау барысында оқу-клиникалық базалардың бірқатары орналасқан емдік-профилактикалық мекемелердің сымсыз интернет желісіне қосылғандығы, ал басқалары роутер арқылы интернетпен қамтамасыз етілгендігі анықталды. Роутер арқылы интернет желісінің үздіксіз жұмыс істеуі институт тарапынан қамтамасыз етіледі.

### **Шешім:**

1. Интернет желісінің үздіксіз жұмыс жасауы ІТ – маманы Ж.Битасовқа жүктелсін.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайтында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау бойынша факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Э. Алиева: Институт сайтының кафедралардағы, институт жатақханасындағы іс-шаралар туралы, институт тарихы және қазіргі тыныс-тіршілігі туралы ақпараттармен толықтырылуы ШК ІТ-маманы Ж.Битасов жауапкершілігінде. Кафедралар тарапынан қажетті ақпараттарды тиісті форматта уақытылы жіберіп отыруын қадағалауларыңызды сұранамыз.

### **Шешім:**

1. Университет сайтының тиісті ақпараттармен толықтырылуын мониторинг жасау АКК-не жүктелсін.
4. Әр түрлі мәселелер
  1. Күн тәртібінің әр түрлі мәселесіндегі мәселе бойынша факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Э. Алиева сөз алды. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру 2022-2023 оқу жылының күзгі сессия нәтижесі бойынша ұйымдастырылған «Оқытушы студенттер көзімен» онлайн-сауалнама мәліметі 2023 жылдың 24.02.2023ж.-25.02.2023ж. күндері аралығында білім алушылар арасында көктемгі

семестр нәтижесі бойынша «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы жүргізілуде. Сауалнама офлайн өткізілді, білім алушылардың сауалнамаға қатысуын тиісті факультет эдвайзерлері ұйымдастырды. Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттен Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының бақылауымен факультеттерден жауапты қызметкерлер білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етті. Сауалнама IT департаменті орнатқан бағдарламамен автоматты түрде бақыланып отырды, білімалушылар жеке төлқұжатпен компьютерлік аудиторияда тапсырды.

**Қойылған сұрақтар:**

1. Q1 Оқу материалдары (силлабус, дәріс материалдары, тапсырмалар, бағалау критерийлері, ұсынылған оқу материалының анықтығы мен қисындылығы) қол жетімді болды ма және оқытушы пәнді түсінікті жеткізді ме?
2. Q2 Оқытушының аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілетін (аудиториямен толық байланысады, аудиторияның реакциясын бақылайды, пікірталасты конструктивті арнаға аудара алады) қалай бағалайсыз?
3. Q3 Оқытушы сабақтарда оқытудың интерактивті, инновациялық әдістерін (кейстер, тренингтер, диспуттар, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер және т. б.) қолдана ма?
4. Q4 Оқытушы тапсырмаларды бағалау критерийлерін (силлабуста немесе сабақтарда) Сізге жеткізе ме және оқытушының Сіздің біліміңізді бағалау әдістемесі қанағаттандыра ма?
5. Q5 Алдағы уақытта Сізде болатын пәндерден осы оқытушы сабақ бергенін қалайсыз ба?
6. Q6 Оқытушы әрқашан өзін дұрыс ұстады және сіздің үлгеріміңізді әділ бағалады:
7. Q7 Сіздің СӨЖ немесе емтихан нәтижелеріне әсер еткен оқытушымен жарғыдан тыс қарым-қатынас жағдайлары (бопсалау, сыйлықтар, т. б.) болды ма?
8. Q8 Берілген пәннен/курстан күткен үміттеріңіз орындалды ма?

**Шешім:**

Сауалнама нәтижелері қаралып, анықталған кемшіліктер бойынша оқытушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізу ФК-не жүктелсін.

ФСКЕК төрағасы:



Э.Н.Алиева

Хатшы:



А.Б.Жаппаркулова